

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның  
«2023 жылға Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау  
нәтижелерін ұжымдық талқылау ХАТТАМАСЫ**

Тараз қаласы  
Төле би көшесі, 55

№2

12 ақпан 2024 ж

**Өтетін орны:** «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» ғимараты

**Төрағалық еткен:** Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның директоры Б. Жусупов.

**Қатысқандар:** Кәсіпорын қызметкерлері (хаттама қосымшасына сәйкес).

Төраға жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібімен таныстырды:

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Ағымдағы жылдың 12 ақпан күні Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына «Сыбайлас жемқорлық – өмірлік мәселе» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Аталмыш жиынға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Департаментінің Превенция басқармасы басшысының орынбасары Бактыхожаев Ербол Жумакадырович қатысты.

Жиын барысында комплаенс қызметінің маңыздылығы, қатысушылардың негізгі міндеттерінің бірі – құқық бұзушылықтардың алдын алу және ұжымның іскерлік беделін қорғау болып табылатындығы айтылып, қызметтерін адал атқаруға шақырылды. Сонымен қатар қатысушылар квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің негізгі басымдықтарын талқылап, пікір алмасып, тәжірибемен бөлісті.

**Жиын қорытындысы:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыбындағы баяндамалар назарға алынсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы кәсіпорын қызметкерлеріне үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Комплаенс офицері



Д. Тапелов